

ӘОЖ 82-191

ҒТАХР 17.01.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.026>

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПУШКИН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫ АУДАРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

*Адаева Е.С.¹, Дәуренбекова Л.Н.², Тусупова Г.Б.³

¹Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

²А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Астана, Қазақстан

³Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі аударматану ғылымында мәдени ақпараттың аудармада көрініс табуын қарастыру – өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да бұл мақалада А.Байтұрсыновтың А.Пушкин шығармаларындағы мәдени лексиканы қазақ тіліне аудару ерекшеліктері жүйелі түрде қарастырылады. Мәдени лексиканы тәржімалау дегенде аударматанудағы доместикация мен форенизация, трансформация тағы басқа әдістер сөз болатыны белгілі. А.Байтұрсыновтың бұл әдістерді қолдану сипаты зерттеушілер И.Дэвис, Л.Венути, Ф.Шлейермахер, Кронин, Ш.Құрманбайұлы т.б. ғалымдар пікірлері мен көзқарастары негізінде талданды.

Мақаланың мақсаты – Пушкин шығармаларындағы мәдени лексиканы қазақ тіліне аударудағы А.Байтұрсыновтың аудармашылық тәжірибесіне, қолданған стратегияларына талдау жасау. Сол арқылы аудармашы ізденісін, жаңашылдығын қарастыру. Нәтижесінде А.Байтұрсыновтың аударма еңбектеріндегі жаңаша сөз қолданыстары, ұлт ұғымына лайықталып жасаған ұтымды баламалары аударма өзгешеліктері айқындалады.

Аударма әдістерін талдау А.Пушкин ертегілерінің қазақ ортасына танымал болуына ықпал еткен жайттарды анықтайды. Басқа мәдениеттегі лексиканы жергілікті бейімдеу үшін аудармашыға мәдени және әлеуметтік сәйкестіктерді іздеу қажеттігін тудырды. Бұл аудармадағы мәдениетке бағытталған әдістер арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу мақалада түпнұсқаның доместикациялану немесе форенизациялану деңгейі анықталады. Аудармашының тәржіма жасау барысында түпнұсқаның тілдік өзгешеліктері, сюжеті мен құрылымын сақтай отырып, өзге мәдениетке тән ұғымдар мен түсініктерді қазақ дүниетанымына, қазақ оқырманына бейімдегені талданады. Пушкиннің аударма шығармаларына мәдени аспектіде талдау жүргізіліп, орыс лингвомәдени қоғамдастығы өкілдерінің тілдік бейнесі де айқындалады. Аудармашы автордың аударманы қабылдаушыға ықпал ету тәсілдері сараланады.

Зерттеуде сипаттау, түсіндіру, жүйелеу, салыстырмалы-типологиялық

сияқты әдістерді қолдану – А.Байтұрсыновтың аудармашы ретіндегі жаңашылдығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесін аударматануда, поэтикада, Пушкинтану бағытында, аудармаға байланысты арнаулы курстарда пайдалануға болады. Сондай-ақ қазіргі аудармашыларға Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аударуда пайдалы ұсыныстар береді.

Тірек сөздер: мәдени лексика, мәдени ақпарат, доместикация, форенизация, балама аударма, аударма стратегиялары, түпнұсқа, аударматану дискурсы

Кіріспе

Ахмет Байтұрсыновтың соңына қалдырған мұрасының елеулі бөлігі – оның көркем аудармалары. Ұлт ұстазы *алғаш рет ақын ретінде* аударма арқылы танылды.

А.Байтұрсыновтың аудармаларының ішінде ерекше орын алатыны – А.Пушкин өлеңдерінен жасаған аудармалары. Қазақ ақыны Пушкиннің баяндау мәнеріне, стиліне, тереңдігіне, жинақылығына, қарапайымдылығына тәнті болады.

Алаш зиялысы Пушкин туындыларын қазақ тіліне аудару арқылы қазақ-орыс мәдениетаралық байланысын нығайтуды көздеді. Тәржімешілік тәжірибенің таралуына қызмет етті. Сондықтан 1911 жылы ағартушылық бағытта жарық көрген «Маса» жинағына А.Байтұрсынұлы Пушкиннен аударған «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Данышпан Аликтің ажалы» ертегілері мен «Ат» өлеңін енгізеді. Байтұрсынов бұл өлең, ертегі, мысал арқылы әдеби қазынамызды жандандырды. Аудармаларда Пушкин ертегілерінің сюжеті сақталғанмен, жаңа оймен толықтырылады.

Оның аудармашылық өнері туралы М.Дулатов 20 ғасыр басында былай деп жазып кетеді: «Ахмет Байтұрсынов – народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на казахский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению народный массы, основная идея его высказывается и тут. Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют казахскому духу. Если Белинский про Крылова говорил: «Хотя он брал содержания некоторых своих басен из Лафонтена, но переводчиком его назвать нельзя, его исключительно русская натура все перерабатывала в русские формы и все проводила через русский дух», – то же самое мы можем сказать и в отношении Ахмета Байтұрсынова» [1,63 б.].

Ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Бұл аудармаларда да кестелі сөз өрнегі, айшықты қолданыстар мен ұлт ұғымына сай жасалған ұтымды баламалар бар. Тіл ғұламасының, сөз жасау шеберінің қаламынан жаралған ондай қолданыстарды, ол түрлеген әр сөзді елеусіз қалдыруға болмайды» деп

көрсетеді [2]. А.Байтұрсыновтың А.Пушкиннің ертегілерін аударуы қазақ мәдениетіне орыс әдеби классикасын енгізу процесінде, Пушкин шығармаларын қазақ оқырманына жақындатуда маңызды рөл атқарды деп айта аламыз.

Біздің бұл мақаламызда А.Байтұрсыновтың түпнұсқадағы мәдени лексиканы аударудағы қолданған стратегияларына талдау жасалады. Өйткені қазіргі уақытта мәдени ақпараттың аудармада көрініс табуы – тек отандық аударматану емес, әлемдік аударматанудың маңызды мәселесі. Бұл тақырыпқа зерттеу еңбектер де өте көп жазылды. Мәселен, белгілі аударма зерттеушісі И.Девис аударманың барлығының екі бағытта орын алатындығын атап өтеді [3,66 б.]. Бұл үдерісті америкалық аударматанушы Л.Венути доместикация мен форенизация стратегиялары деп атайды [4]. Қазіргі аударматану дискурсында бұл ұғымдар жиі қолданылып жүр. Кейбір зерттеушілер түпнұсқа тілінің мәдени лексикасын өзгеріссіз қалдыруды қолдаса, кейбір ғалымдар рецепиентке бейімделуді қолдайды.

Зерттеуші Л.Венутидің түсінігінде форенизация түпнұсқа мәтіннің ақпаратын мүмкіндігінше толық сақтауды көздейді. Бұл стратегияға қарама-қарсы доместикация стратегиясы бар, онда аудармашы түпнұсқа мәтінді аударма тілінің ережелеріне және мәдени дәстүрлеріне бейімдеуге тырысады.

Доместикацияны қолданудың көрсеткіштері ретінде төмендегідей мәдениетаралық кедергілер қарастырылады:

- қабылдаушы коммуникативтік кеңістіктің қарсылығы;
- қабылдаушы мәдениеттің этноцентризмдік қабылдауы;
- қабылдаушы мәдениеттен мүлдем өзгеше ұлттық мәдениет;
- түпнұсқа мәтінінің әлеуметтік ерекшелігі;
- мәдени-этнодифференциялық сипаттар т.б» [4, 207 б.]. Егер осы мәдениетаралық кедергілер соншалықты үлкен болып, мәтінді доместикациясыз түсіну мүмкін болмаса, онда аудармада мәдени бейімдеу қажет.

Осы орайда жоғарыда тоқталып кеткен ұғымдардың мағынасына тоқтала кетейік. Бұл ұғымдардың авторы – Ф.Шлейермахер [5, 242 б.]. Зерттеушінің бұл пікірі доместикация мен форенизацияның қысқаша сипаттамасын қамтиды. Бірақ ғалым бұл пікірін бұл әдістерді натурализациялау және алиенация деп атайды. Ф.Шлейермахер аударманың түпнұсқа мәтінінің бірегейлігін жоғалтпай, әртүрлі тілдерден неміс тіліне аударылған мәтіндердің әртүрлі оқылып, естілуі керек деп есептеген екен. Қазіргі форенизация мен доместикация түсінігін зерттеуші ғалымдар Ф.Шлейермахердің 1813 жазылған бұл мақаласымен қатар 1816 жылы жазылған В.Гумбольдтың Эсхилдің «Агамемнон» трагедиясына жазған алғысөзінен, И.Гетенің 1819 жылы «Батыс-Шығыс диуанына» жазған түсініктемесінен бастау алғандығын жазады [6, 176 б.].

Қазіргі уақытта отандық аударматану дискурсында да бұл стратегиялар

термин деңгейінде қолданылып жүр. Мәселен, ғалым К.Уразаева Пушкин шығармаларының аударылуына қатысты еңбектерінде аталған терминдерге тоқталады [7, 96 б.].

Алайда кейбір ғалымдар аударманың мүлдем қазақыланып кетуіне, доместикациялануына қарсы шығады. Сол сияқты әлемдік аударматану дискурсында да мономәдениеттіліктен аулақ болуға шақыратын ұстанымдар бар. Олар аударма әлемдегі тілдік және мәдени әртүрлілікті ұмыттырмаудың бір жолы екендігін еске салады. Мәселен, М.Кронин «Аударма және жаһандану» деген еңбегінде аудармадағы және әлемдегі мономәдениеттану құбылысының қауіпті екендігін айтады [8, 72 б.].

Соңында кез-келген аударма – бұл доместикация, бірақ кейде стратегиялардың тепе-теңдігін елемеу аударманың тиімсіздігіне әкеліп соғады. Кез келген аударма стратегиялары мен әдістері аударылатын мәтіндердің санын арттыруға және сапасын жақсартуға бағытталған, сондықтан аударма бойынша қолданбалы міндеттерді шешу үшін осы стратегиялар мен әдістерді әрбір аудармашы меңгеруі қажет деп есептейміз. Ал енді жоғарыдағы пікірлерден аудармашының форенизацияны немесе доместикацияны таңдауы бірнеше факторларға байланысты екенін көруімізге болады. Олардың қатарына мәтіннің түрін, мақсатты аудиторияның болмысын, түпнұсқа және аударма тілі мен мәдениеттері арасындағы қарым-қатынасты жатқызуға болады деген ой түйеміз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қазіргі аударматану ғылымында мәдени лексиканың аударылу мәселелеріне, стратегияларына байланысты ғылыми еңбектердің сан қырлы екенін бағамдадық. Талдау барысында аударматанудағы осы бағытта зерттеу жүргізген, жоғарыда өзіміз тоқталып кеткен белгілі ғалым И.Дэвис, Л.Венути, Ф.Шлейермахер, М.Кронин, Ш.Құрманбайұлы, К.Уразаева т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі пікірлерге сүйене отырып, А.Байтұрсыновтың аудармашылық шеберлігін саралауға тырыстық. Мақалада ғылыми талдау, сипаттамалы, салыстырмалы-типологиялық, түсіндірмелі, жүйелеу т.б. әдістер қолданылды. Сондай-ақ зерттеу аясында мәтіндерде кездесетін тарихи-мәдени материалдарға этнолингвистикалық түсіндірулер жүргізілді. Екі тілдің мәдени лексикасындағы, мәдениетіндегі айырмашылықтар салыстыру-салғастыру арқылы көрсетілді. Бұл әдістерді қолданудағы мақсатымыз – А.Байтұрсынұлының аудармашы ретіндегі жаңашылдығын айқындау, аударманың өзгеше сипат белгілерін арнайы зерттеп, танып білу.

Нәтижелер және талқылау

А.Байтұрсыновтың Пушкиннен тәржімалаған шығармаларын сараптағанда, оның осы критерийлердің бәрін ескере отырып, мәдени лексиканы аударуда ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін ескере отырып, жоғарыда көрсеткен стратегияларды қолданғанын байқауымызға болады.

Аудармашы әсіресе доместикация әдісін молынан пайдаланады. Енді сөзімізге дәлел ретінде «Балықшы мен балық» ертегісіндегі мына тармақтардың аудармасына назар аударайық. Түпнұсқа:

Не хочу быть черной крестьянкой
Хочу быть столбовою дворянкой [9].

Аудармасы:

Айтпасқа қарашекпен қатыны деп,
Ақсүйек етсін мені, айт балыққа! [10,184 б.].

Үзіндідегі «черный крестьянин» тіркесін А.Байтұрсынов «қара шаруа» деп аудармай «қара шекпен» деп береді. Алдымен шекпен сөзінің мағынасына тоқталайық. Шекпен – жүннен тоқылған ұлттық сырт киім. Кейде қара түсті жылы матадан тігіледі. Сондықтан да қарашекпен деп аталады. Қарашекпен – қазақ тұрмысында маңызды рөл атқарған ұғым. Бұл сөз көбінесе әлеуметтік жіктелуді, тұрмыс жағдайын немесе белгілі бір топты сипаттау үшін қолданылған. Кейде бұрыннан мал бағып, жер өңдеумен айналысқан, тұрмысы орташа немесе төмен қарапайым еңбек адамдарын атаған. Тарихи тұрғыда кейбір деректер бойынша бұл ұғым Ресей империясы кезінде отырықшылыққа өткен қазақтарды немесе көрші елдерден келген егіншілерді атау үшін қолданылған. Олар көбінесе шекпен сияқты киім киетін болған. Бұл атаудың шығуына да әсер етуі мүмкін. А.Байтұрсынов осы ерекшеліктердің бәрін ескере отырып, доместикация стратегиясын қолданады. Сондықтан «крестьянин» сөзінің баламасы ретінде қазақтың дүниетаным ерекшеліктеріне сай аудармада қарашекпен сөзін қолданған.

Абай да Крыловтан аударған мысал-өлеңін «Қазаға ұрынған қарашекпен» деп атаған екен. Бұл сөзді алаштықтардың да еркін қолданғанын көруімізге болады. Бұл туралы Ш.Құрманбайұлы «ағартушы-ақын И.Крыловтың «Лиса и крестьянин» атты мысал өлеңін «Түлкі мен қарашекпен», «Крестьянин и овца» мысалын «Қарашекпен мен қой» деп аударатындығын айтады. Оған қоса алдыңғы мысалда «Жолығып, айтты бір күн Қарашекпен», «Сөйлейді сонда тұрып Қарашекпен» деген сөйлемдерді қолданса, кейінгі мысал мәтінінде «Шақырды Қарашекпен қойды сотқа» деп крестьянин сөзінің аудармасын бірнеше рет қарашекпен деп тәржімалайды [2]. Осы екі тармақтағы ендігі назар аударатынымыз «столбовая дворянка» деген тіркестің мағынасы мен аудармасының берілу сипаты. Қара шаруа болғысы келмейтін, ақсүйектер тұқымынан шыққан дворян болғысы келетін балықшы кемпірі неге дәл осы мәртебені қалады? Осыны түсініп көрейік.

XVII-XVIII ғасырларда Ресейде дворяндардың есімдері енгізілген құжаттар «столбцы» деп аталған. Олар бір-бірімен желімделіп, лента сияқты қағаздарда жазылған. Бұл құжаттар шиыршықталып, оралған күйде сақталған. Кейіннен мемлекеттік іс жүргізу осы шиыршықталған «столбцыдан» қазіргі дәптерлер түріне ауыстырылған. Жаңа дворяндар

есімдері сол дәптерлерге жазылған. Бұл әулеттердің өкілдері кейбір жағдайларда артықшылықтарға ие болған. Мысалы, Александр лицейі мен басқа да беделді оқу орындарына тек шежіре кітаптарының бесінші және алтыншы бөліміне енгізілгендердің балалары ғана қабылданған [11]. Ертегідегі кемпірдің тілегін енді түсінеміз. Ол жай ғана дворян емес, патша қол қойған арнайы тізімге тіркелген, жер иелігі бар төре, яғни тұқым қуалайтын дворян болғысы келеді. Көптеген адамдар мұндай тізімде болуды армандады, өйткені бұл патшаның өзіне назар аударғанының дәлелі болды. Алтын балық кемпірдің бұл тілегін орындады. Бірақ кемпір өзіміз білетіндей уақытында тоқтай алмады. Ақырында сынық астауымен қалды.

А.Байтұрсынов осы тіркестің мағынасын түсіне отырып, қазақ ұғымына лайықтап тек «ақсүйек» деп аударды. Өйткені біздің қазақ қоғамында да орыстың дворяндары тәрізді айрықша әлеуметтік топ бар. Оларды ақсүйек деп атайды. «Ақсүйектер – хандық дәуіріндегі қазақ қоғамында айрықша құқықтар мен ерекше артықшылықтарға ие болған таңдаулы әулет өкілдері, әлеуметтік жік, төрелер мен қожалар, сейіттер» [12].

Академик В.Виноградовтың айтуынша XVII-XVIII ғасырларда Филя немесе Филька есімі ақсүйектер мен шаруалар өмірінде қарапайым шаруаның, қызметшінің есімі ретінде танымал болған. Бұл есім қарапайым халыққа тән деп саналып, оған менсінбеушілік, кемсітушілік рең берілген [13]. Бұл сөз орыс әдебиетінде де кеңінен қолданылып, «ақымақ», «қарапайым» мағынасындағы экспрессивтік кемсітушілік реңкеге ие болды. Ақсүйектер тұқымынан болуды армандайтын кемпір қарияны қарапайым адам, ақымақ, ақылсыз адам дейді. Бұл сөз оның лексиконына сай келеді. А.Байтұрсынов та осы тіркесті «Қарапайым Филя» деп аудармай, орыс тіліндегі мағынасын қазақ тіліне баламасымен бере біледі. «Алжыған, кеткен есің» эмоционалды-экспрессивті сөзді қосады.

Тағы бір үзіндісінде бұл жердегі «дурачина» сөзі «миы ашыған, қу көк сақал!» болып аударылған. Көк сақал – сақалына ақ түсе бастаған орта жастағы адам.

Талдауымызды ары қарай жалғастырайық. Оқырман назарын айрықша аударатын төмендегі шумақтың аудармасы.

Түпнұсқа	Аударма
В дорогой собольей душегрейке, Парчовая на маковке кичка, На руках золотистые перстни, На ногах красные сапожки [9].	Үстінде қамзол ішік, тысы қамқа, Меруерт омырауы қойған тізіп. Аяқта сақтияннан оюлы етік [10,187 б.].

Осы шумақтағы «собольей душегрейке» тіркесінің тура аудармасы – бұлғын терісінен тігілген күртеше. Бұл сөздің атауы киімнің негізгі қызметіне байланысты шыққан, яғни «жанды жылыту». Ескі сән үлгісімен және орыс мәдениетінің дәстүрімен байланысты ұғым. Шағын академиялық сөздікте

мынандай анықтама берілген. «Душегрейка – старинная женская одежда в виде сборчатой кофты без рукавов. Род жилета». Бұдан «соболья душегрейканың» жылы, жеңсіз бұлғын терісінен тігілген күртеше екенін түсінеміз.

Ал А.Байтұрсынов аудармада осы киім түрін қазақтың ұлттық дүниетанымына бейімдеген. Ішіктің қысқа және ұзын жеңдері болады. Аудармашы орыстың киіміне аударманың мағыналық тұрғыдан жақын болуы үшін қамзол ішік екенін айқын көрсетеді. Яғни, қамзол ішік – сырт көрінісі қамзолға ұқсас, бірақ ішкі жағы жылы теріден жасалған сырт киім екенін түсінуге болады. Ал тысы қамқа дегеніміз – сыртқы қабаты қамқа матадан тігілген деген мағынаны береді. Қамқаны қазақтар әдетте бай адамдардың, хан-сұлтанардың киімін тігуге қолданылатыны мәдениетімізден белгілі. Бұдан аудармашының орыстың ұлттық киімін таза қазақы ұғымға лайықтап, «собольей душегрейканы» сырты қымбат матамен қапталған, сәнді теріден жасалған қамзол үлгісіндегі ішік етіп аударғанын көреміз.

Келесі назар аударатынымыз «На ногах красные сапожки» тармағының аудармасы. А.Байтұрсынов бұл тіркесті «сақтияннан тігілген оюлы етік» деп аударды. Аудармашы жай ғана «қызыл етік» деп аударса да болатын еді. Өйткені сақтиян, оюлы етік – тек ұлттық киім ғана емес, оның өмір салтын бейнелейтін мәдени элемент. Осы тұста аудармадағы түс концептілеріне назар аударудың маңыздылығын атап өткен жөн. Өйткені «Түстер – адам болмысының ерекше тасымалдаушылары ретінде тіл мен мәдениеттің барлық белгілі шекараларынан асып өтіп, адамның өмір сүруінің терең мағынасын білдіреді. Мәдениетаралық қарым-қатынастар түс ұғымдарының тіл мен мәдениетке қаншалықты сіңісіп кеткенін дәлелдейді, ал бұл құбылысты түсіну қате интерпретация қаупін азайтады» [14,81]. Байтұрсынов аудармада осы ерекшеліктерді ескерген деп еесептейміз. Сақтиян – жұмсақ теріден жасалған қымбат материал. Бұл теріні ерекше илеп, сапалы, сәнді аяқ киім жасау үшін пайдаланған. Оюлы етік - қазақтың ою-өрнектерімен безендірілген аяқ киім түрі. Яғни бұл етік сақтияннан жасалып, ұлттық оюлармен әшкейленген, қазақ дәстүріндегі ауқатты адамдар киетін аяқ киім түрі. Аудармашы осылай халықтың мәдени мұрасына назар аударды.

Түпнұсқа	Аударма
Отпусти ты, старче, меня в море, Дорогой за себя дам откуп: Откуплюсь чем только пожелаешь [9].	Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал! Бар болса не қажетің менен алып [10,187 б.].

Бұл үзіндіде де «старче» сөзін Байтұрсынов шал деп аудармай, ақсақал деп баламасын көрсетеді. Екіншіден, өзін үшін сый беремін деген тармақты (за себя дам откуп) аудармашы балама ретінде қазақтың «шыбын жанымды қи» деген тұрақты тіркесімен аударды. Халық түсінігі бойынша жан денеден шығар алдында бірнеше күйге түсетін көрінеді. Адам өлген кезде

жанның қалған бөлігі денеден шыбын бейнесінде шығып, қырық күн бойы үй ішінде ұшып жүреді деседі. Яғни ежелгі түсінік жанды ұшып жүретін кәдімгі шыбынға теңейді. Бұған дәлел ретінде тілдік қолданысымызда көптеген тіркестер дәлел бола алады. Мысалы: шыбын жаны көзіне көрінді, шыбын жаны қалды т.б. Аудармашы осы түсінікті тіркеске балама ретінде жақсы пайдалана білген.

Келесі талдайтынымыз «ветхая землянка» сөзінің аудармасы.

«Землянка» сөздікте жеркепе деп аударылады. Шал мен кемпір ескі жеркепеде тұрады. Бұл жерге қазылған шұңқыр түріндегі, төбесі топырақпен жабылған шағын шаруалар үйі. Автор аудармада осы үйдің жасалуын сипаттап кетеді. Үзіндідегі үйдің сипатталуы – доместикация тәсілінің айқын мысалы. Қарттың тозығы жеткен ескі лашығы кедейліктің ең төменгі шегін көрсетеді.

Түпнұсқа	Аударма
Они жили в ветхой землянке Ровно тридцать лет и три года Старик ловил неведом рыбу, Старуха пряла свою пряжу [9].	Тұрыпты отыз үш жыл нақ дәлме-дөл. Күн көрген бейшаралар балық аулап, Болмапты төрт түліктен ырымға мал. Үсты шым, асты шұңқыр жерден жырған Баспана мекенінің сиқы тұрған Бала жоқ қолғанат екеуінде Иіріп кемпір жібін, шал ау құрған [10,186 б.].

Түпнұсқа 4 тармақтан тұрса, аударма 7 тармақтан тұрады. Байтұрсынов бұл тұста да балықшы мен кемпірінің жағдайын сипаттау үшін доместикацияны қолданып, қосымша мәліметтер береді. Мысалы, оқырманның кейіпкерге жанашырлық танытуы үшін олардың түгі жоқ, тақыр кедей екендігін «Болмапты төрт түліктен ырымға мал» деп сипаттайды. Сондай-ақ «Бала жоқ қолғанат екеуінде» деп түпнұсқада жоқ үзінділерді енгізеді. Бұл үзіндіде де баланың қазақ отбасындағы орны көрінеді. Бұл мысалдардың барлығы аудармашының ұлттық ойлау жүйесін көрсетеді.

Екінші қарастыратынымыз – Алтын этеш ертегісі. Бұл ертегі аудармасында да тәржімашының тудырған жаңа сөздері мен айрықша қолданыстарын назардан тыс қалдыруға болмайды. Орыс ақынының өлеңіндегі бірқатар сөздердің баламасы ретінде қолданылу аясы тарылғанмен, мағынасы терең сөздерді пайдаланады немесе жаңа атаулар жасайды. Мәселен, ертегі мәтініндегі «одолженье» сөзінің аудармасын А.Байтұрсынов «тауан» деп алады. Мысалы:

Түпнұсқа	Аударма
За такое одолженье, Говорит он в восхищение [9].	Тауаныңды қайтарман, Сенен немді аярмын [10,188 б.].

Түпнұсқадағы одолженъе сөзін көмек, жақсылық, қызмет деп аударуға болады. Ал Байтұрсынов қолданған сөздің семантикасында мінез, бет, месел деген мағына жатыр. Дәлел ретінде «Сөздікқорда» келтірілген мынандай мысалдарды көрсете кетейік. «Тауан – зат. 1). Күш, қабілет, қуат. Мінез – тауаны тар адам. 2) Бет, месел. Тауаны қайтты. Осы сөзді аудармашы Додан ханның уәдесінің күшін ұғындыру үшін мақсатты түрде қолданған деп айта аламыз.

Түпнұсқа	Аударма
Воевода говорит: Петушок опять кричит [9].	Сер әскер кеп оятты, Бар деп бәлі қорқыныш [10, 200 б.].

Үзіндіде аудармашы «воеводаны» әскербасы деп емес, «сер әскер» деп баламасын ұтымды таңдаған.

Түпнұсқа	Аударма
Видит шелковый шатер, Все в безмолвии чудесном, Вокруг шатра: в ущелье тесном, Рать побитая лежит [9].	Көрді жібек шатыр хан, Маңайында ел де жоқ, Ызындаған жел де жоқ, Жалғыз ғана сол шатыр. Өзектерде, ойларда, Жыбырлаған қойлардай, Қырып салған қол жатыр [10, 200 б.].

Көріп отырғанымыздай түпнұсқа 4 тармақтан, аударма 6 тармақтан тұрады. Аудармашы қосу жасаған. «Все в безмолвии чудесном» деген 1 тармақ «Маңайында ел де жоқ, Ызындаған жел де жоқ» деген 2 тармақпен аударылады. Доместикация аудармашының сипаттаманы толығырақ бейнелеуінде көрінеді. Пушкиннің шығармасындағы «ғажайып үнсіздік» Байтұрсыновта егжей-тегжейлі сипатталған. Сондай-ақ қырылып қалған қолды оқырман көз алдына елестетіп, өзекте жыбырлап жүрген қойларға теңеген.

Түпнұсқа	Аударма
Ни побоища, ни стана, Ни надгробного кургана Не встречает царь Дадон. «Что за чудо?» - мыслит он. Вот восьмой уж день проходит, Войско в горы царь приводит И промеж высоких гор [9].	Мола да жоқ, көр де жоқ, Салық салған жер де жоқ, Соғыс та жоқ, қол да жоқ. «Бұл не хикмет! Не ғажап!»- Дейді Дадан ойға қап. Жетінші күн батыр хан Қолды жиып жүргізіп, Тау ішіне кіргізіп [10, 200 б.].

Бұл үзіндіден доместикация тәсілінің ономастикалық принципке әсер еткенін де байқауға болады. Ертегідегі патша есімі Дадан болып өзгертілген. Бұл тұста аудармашының қазақтың үндестік заңын ескергені

байқалады. Оның басқа да аудармаларындағы ономастикалық принциптері туралы Ш.Құрманбайұлы: «Ахаң «Қасқыр мен мысық» («Волк и кот») мысалындағы Степан, Васька, Демьян, Клим, Трофим сынды кісі есімдерін сол қалпында алмай, олардың орнын Қоянкөз, Құрамыс, Көпберген, Қисық-бас есімдерімен алмастырады. Мысалды қазақ топырағына бейімдеп, қазақ ұғымына сәйкестендіреді» [2] – деп жазады.

Доместикацияның тағы бір қызықты мысалы ретінде «Мола да жоқ, көр де жоқ, Салық салған жер де жоқ, Соғыс та жоқ, қол да жоқ» тармақтарын көрсетуімізге болады. Бұл жерде қазақ топонимикасының реликтілері мола, көр, салық салған жер доместикация тәсілі ретінде қолданылады. Аудармашы сол арқылы мағыналық толықтыққа қол жеткізген.

Жалпы аударма дискурсында біз кеңірек тоқталып кеткен доместикация мен форенизациядан басқа да аударма стратегиялары бар. Бұл түпнұсқаның өзгеруі немесе бұрмалануы деп есептелуі мүмкін деген пікір айтады. Байтұрсыновтың бұл аудармаларынан осы трансформацияны да кездестіруге болады. Мысалы, бұл аудармада тәржімашы ертегінің хронотопына өзгеріс енгізеді. «Алтын әтеш» ертегісінде маңызды оқиғалар арасында 8 күн өтеді. Ал аудармашы бұл күнді 7-ге ауыстырған. Жеті – қазақтың мифопоэтикалық негізі бар қасиетті саны. Бұл тұста аудармашы оқырманға бейсаналық деңгейде әсер ету үшін бұл санды мақсатты түрде ауыстырған деп ой түюге болады. Бұл тұста аудармашының түпнұсқа сюжетінің барлық кезеңінде кездесетін 8 санының 7-ге өзгертілгенін айтуымыз қажет.

Бұндай мысалдарды А.Байтұрсыновтың орыс ақынынан тәржімалаған «Данышпан Аликтің ажалы», «Ат» өлеңдерінің аудармаларынан да көп кездестіруге болады. А.Байтұрсынов аудармаларының қарастыратын тұстары өте көп. Ғалым А.Жұмабекованың: «Отандық аударма теориясы мен тәжірибесінің дамуының жаңа кезеңі аударма сапасы категориясының теориялық ұстанымдары мен әдіснамалық тәсілдерін қайта қарастыруды, оны әлемдік аударма ғылымының жетістіктерін ескере отырып бағалауды талап етеді» [15] – деп атап көрсеткеніндей, А.Байтұрсыновтың аударма еңбектерін әлемдік аударматану ғылымының жетістіктерін ескере отырып, қайта қарастырудың маңызы зор.

Қорытынды

Қорыта айтқанда Алаш зиялысы аудармалары арқылы Пушкиннің ертегілерін ұлт мәдениетіне жақын етіп жеткізіп, әдебиеттегі жаңашылдыққа жол ашты. Көркем аудармада қолданылған әдістер қазақ әдебиетінің жаңа жанрларын қалыптастыруға ықпал етті және ұлттық әдебиеттің әлемдік әдебиетпен байланысын тереңдете түсті.

Біз бұл мақалада А.Байтұрсыновтың Пушкин шығармаларындағы мәдени лексиканы аударудағы ерекшеліктерін қарастырдық. Нәтижесінде Байтұрсыновтың Пушкин туындыларын қазаққа лайықтаған деген қорытындыға келдік.

Алаш зиялысының Пушкин шығармаларын аудару ерекшеліктерін қарастырғанда мынандай жайттарға көз жеткіздік:

– А.Байтұрсынов өзге мәдениетке тән ұғымдар мен түсініктерді қазақ ұғымдарымен алмастыру, аударма мәтінді төлтума шығарма тәрізді қабылданатындай етіп қазақ оқырманына бейімдеген;

– Аударманың бірнеше стратегиясын, оның ішінде форенизацияға қарағанда доместикация стратегиясын көп қолданатынын сараладық;

– Бұл құбылыстан да А.Байтұрсыновтың не жазса да солардың бәрінің қазаққа қонымды, қазаққа қолайлы болуын ойлағанын, олардың ұлттық көзқарасы мен ішкі ниетін көруге болады. Алаш оқығандарының шығармашылығынан өзге мәдениетке бейімделуден гөрі өзгенікінің бәрін өзімізге бейімдеп, лайықтап қабылдау байқалады;

– Оның әдеби-ғылыми шығармашылығы мен ағартушылық ісінен өзгелердің озық дүниелерін алып, өнері мен білімін үйренуді насихаттаумен қатар, қазақтың өзге мәдениет ықпалына қатты ұшырап кетуінен сақтандыру hareketін де анық аңғаруға болады.

Қазіргі жаһандану заманында төл мәдениетімізді, ұлттық бет-бейнемізді сақтап қалудың өзектілігі артып отыр. Бұл тұрғыдан келгенде А.Байтұрсыновтың, Алаш оқығандарының мұрасын, оның ішінде аудармасын жан-жақты зерттеп, олардан ғибрат алу – өткенді көкसेп, артқа қарайлай беру емес, келешекке де ұлттық келбетімізді жоғалтпай жету үшін қажет.

Гранттық қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «№АР19679312 «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортақ құндылықтар» гранттық жоба аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003.

[2] Құрманбайұлы Ш. Алаш және аударма (электронды ресурс). 11.08.2017. <https://mtdi.kz/e/audarma/id/831/q/1>

[3] Davies, Eirlys E. A Goblin or Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of the Harry Potter book. // The Translator, Vol.9 №1. – London: Routledge (Taylor & Francis), 2003. – P. 65-100. <https://doi.org/10.1080/13556509.2003.10799146>

[4] Venuti L. The Translator's Invisibility A History of Translation. – London: Routledge, 2003. – 368 p. <https://doi.org/10.4324/9780203360064>

[5] Friedrich Schleiermacher. On the different methods of translating. Theories of Translation. An Anthology of Essays from Dryden to Derrida, 1992, The University of Chicago Press, Chicago and London, p.36-54. <https://open.unive.it/hitrade/books/SchleiermacherMethods.pdf>

[6] Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре // ИЯШ. – Москва: Просвещение. 1997, №3. –с.13.

[7] Уразаева К.Б., Ерик Г. Казахские переводы сказок А. С. Пушкина как свертхтекст. Влияние казахской риторики на перевод // Art Logos (искусство слова). – 2022. – № 4. – С. 96–121. DOI 10.35231/25419803_2022_4_96

[8] Cronin M. Translation and Globalization. – London and New York. Routledge. 2003. –189 p.

[9] Пушкин А.С. Сказка о рыбаке и рыбке. //https://www.culture.ru/roems/4450/skazka-o-rybake-i-rybke

[10] Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

[11] Почему дворяне назывались столбовыми? https://pikabu.ru/story/pochemu_dvoryane_nazyivalis_stolbovyimi_7102075

[12] Atkinson T.W. Oriental and Western Siberia: a Narrative of Seven years exploration and Adventures in Siberia, Mongolia, the Kirghiz Steppes, Chinese Tartary and part of Central Asia. – London: Hurst and Blackett, 1858. – 611 p.

[13] Виноградов В. История слов. //http://krotov.info/libr_min/03_v/inogradov.htm

[14] Khussainova G., Tleuberdiev B., Shakenova M.T., Islam A., Roziyeva D. S. The Cultural Spectrum of Colors: Exploring Kazakh, Korean and English Color Concepts // International Journal of Society, Culture and Language. – 2024. – P. 81-95 <https://doi.org/10.22034/ijsc.2024.2035309.3565>

[15] Жумабекова А.К. Системный подход к оценке качества перевода в учебной и научной сфере // ИЗВЕСТИЯ КазУМОиМЯ имени Абылай хана серия «Филологические науки». – 2024. – № 2. – С. 498. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/47>

REFERENCES

[1] Dulatūly M. Bes tomdyq syğarmalar jinaғы. 2-tom. [Collected Works in Five Volume 2.] – Almaty: Mektep, 2003.

[2] Qūrmanbaiūly Ş. Alaş jāne audarma (elektrondy resurs) [Alash and Translation (electronic resource)]. 11.08.2017. <https://mtdi.kz/e/audarma/id/831/q/1>

[3] Davies, Eirlys E. A Goblin or Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of the Harry Potter book. // The Translator, Vol.9 №1. – London: Routledge:Taylor & Francis, 2003. – P.65-100. <https://doi.org/10.1080/13556509.2003.10799146>

[4] Venuti L. The Translator’s Invisibility: A History of Translation. – London: Routledge, 2003. – 368 p. <https://doi.org/10.4324/9780203360064>

[5] Friedrich Schleiermacher. On the different methods of translating. Theories of Translation. An Anthology of Essays from Dryden to Derrida, 1992, The University of Chicago Press, Chicago and London, p.36-54. <https://open.unive.it/hitrade/books/SchleiermacherMethods.pdf>

[6] Tomahin G.D. Realii v iazyke i kulture. [Realia in Language and Culture] // *IAŞ*. – Moskva: Prosveshënie, 1997. – №3. – S.13.

[7] Cronin M. Translation and Globalization. – London and New York: Routledge, 2003. – 189 p.

[8] Urazayeva K. B., Yerik G. (2022) Kazahskie perevody skazok A. S. Pushkina kak sverhtekst. Vliyanie kazahskoj ritoriki na perevod [Kazakh Translations of A. S. Pushkin's Fairy Tale as a Overtext. The Influence of Kazakh Rhetoric on Translation] // *Art Logos – The Art of Word*. – 2022. – №4. – P. 96–121. DOI 10.35231/25419803_2022_4_96

[9] Puşkin A.S. Skazka o rybake i rybke [The Tale of the Fisherman and the Fish] // <https://www.culture.ru/poems/4450/skazka-o-rybake-i-rybke>

[10] Baitұrsynūly, A. Şyğarmalary. Alty tomdyq şyğarmalar jinağy. [Six-volume collected works]. – Almaty: El-şejire, 2013. – 384 b.

[11] Pochemu dvorāne nazyvalis stolbovymi? [Why were nobles called “pillar” nobles?] // https://pikabu.ru/story/pochemu_dvoryane_nazyivalis_stolbovyimi_7102075

[12] Atkinson T.W. Oriental and Western Siberia: a Narrative of Seven years exploration and Adventures in Siberia, Mongolia, the Kirghiz Steppes, Chinese Tartary and part of Central Asia. – London: Hurst and Blackett. 1858. – 611 p.

[13] Vinogradov V. İstoria slov [The History of Words]. /http://krotov.info/libr_min/03_v/in/ogradov.htm

[14] Khussainova G., Tleuberdiev B., Shakenova M.T., Islam A., Roziyeva D. S. The Cultural Spectrum of Colors: Exploring Kazakh, Korean and English Color Concepts // *International Journal of Society, Culture and Language*. – 2024. – P. 81-95 <https://doi.org/10.22034/ijsc.2024.2035309.3565>

[15] Jumabekova A.K. Sistemnyi podhod k osenke kachestva perevoda v uchebnoi i nauchnoi sfere [A Systematic Approach to Assessing the Quality of Translation in Educational and Scientific Fields] // *BULLETIN of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Philological Sciences*. – 2024. – № 2. – С. 498. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/47>

СТРАТЕГИИ А. БАЙТҰРСЫНОВА ПО ПЕРЕВОДУ КУЛЬТУРНОЙ ЛЕКСИКИ В ПОЭЗИИ ПУШКИНА

*Адаева Е.С.¹, Дауренбекова Л.Н.², Тусупова Г.Б.³

¹Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

²Евразийский гуманитарный институт им. А. Кусайнова, Астана, Казахстан

³Национальный научно-практического центр «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова

Аннотация. В современном переводоведении исследование передачи культурной информации в переводе является одной из актуальных проблем. В данной статье системно рассматриваются особенности перевода культурной

лексики из произведений А. С. Пушкина на казахский язык, выполненного А. Байтұрсыновым. В контексте перевода культурной лексики особое внимание уделяется таким методам, как доместикация, форенизация, трансформация и другие. Характер использования этих методов А. Байтұрсыновым анализируется на основе взглядов исследователей И. Дэвиса, Л. Венути, Ф. Шлейермахера, Кронина, Ш. Курманбайулы и других ученых.

Цель статьи – анализировать переводческий опыт А. Байтұрсынова и стратегии, которые он применял при переводе культурной лексики из произведений Пушкина на казахский язык. Это позволяет выявить творческие поиски переводчика и его новаторский подход. В результате исследования определяются новаторские языковые приемы А. Байтұрсынова, удачные адаптации лексических единиц в соответствии с национальным казахским мировоззрением и особенности его переводческой практики.

Анализ переводческих методов помогает определить факторы, способствовавшие популярности сказок Пушкина среди казахской аудитории. Перевод культурной лексики требовал от переводчика поиска культурных и социальных соответствий для адаптации текста. Этот процесс осуществлялся с использованием методов, ориентированных на культуру. В статье определяется степень доместикации и форенизации оригинального текста. Исследуется, как переводчик адаптировал понятия и представления другой культуры к казахскому мировосприятию, сохраняя при этом языковые особенности, сюжет и структуру оригинала. Проводится культурный анализ переводов произведений Пушкина, в результате которого выявляется языковой образ представителей русской лингвокультурной общности. Рассматриваются приемы воздействия переводчика на целевую аудиторию.

В исследовании применены методы описания, интерпретации, систематизации и сравнительно-типологического анализа, что позволяет продемонстрировать новаторство А. Байтұрсынова как переводчика.

Результаты исследования могут быть использованы в переводоведении, поэтике, пушкиноведении, а также в специальных курсах по переводу. Кроме того, статья предоставляет полезные рекомендации для современных переводчиков, занимающихся переводом произведений Пушкина на казахский язык.

Ключевые слова: культурная лексика, культурная информация, доместикация, форенизация, адекватный перевод, переводческие стратегии, оригинал, дискурс переводоведения

A. BAITURSYNOV'S STRATEGIES FOR TRANSLATING CULTURAL LEXICON IN PUSHKIN'S POETRY

*Adayeva Y.S.¹, Daurenbekova L.N.², Tussupova G.B.³

¹Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

²Eurasian Humanitarian Institute named after Kusainova, Astana, Kazakhstan

³National Scientific and Practical Center "Til-Qazyna" named after Sh. Shayakhmetov, Astana, Kazakhstan

Abstract. In modern translation studies, the examination of how cultural information is reflected in translation is one of the pressing issues. Therefore, this article systematically analyzes the peculiarities of translating the cultural lexicon from A.S. Pushkin's works into Kazakh by A. Baitursynov. In translation studies, translating the cultural lexicon often involves methods such as domestication, foreignization, transformation, and others. The application of these methods by A. Baitursynov is analyzed based on the views and perspectives of scholars such as I. Davis, L. Venuti, F. Schleiermacher, Cronin, and Sh. Kurmanbayuly.

The article examines A. Baitursynov's translation experience and the strategies he used to convey the cultural lexicon in Pushkin's works into Kazakh. This analysis highlights the translator's creative efforts and innovative approaches. As a result, Baitursynov's novel linguistic choices, successful adaptations of cultural concepts to fit the national worldview, and unique translation solutions are revealed.

The analysis of translation methods helps identify the factors that contributed to the popularity of Pushkin's tales among the Kazakh audience. To adapt the lexicon of another culture to the local context, the translator had to find cultural and social equivalents. This process was carried out using culture-oriented translation methods. The study determines the level of domestication and foreignization in the original text. It also explores how the translator preserved the source text's linguistic features, plot, and structure while adapting foreign cultural concepts to the Kazakh worldview and audience. Furthermore, the article provides a cultural analysis of Pushkin's translated works and identifies the linguistic image of representatives of the Russian linguocultural community. The translator's methods of influencing the target audience are also examined.

The research employs methods such as description, explanation, systematization, and comparative-typological analysis, which help demonstrate A. Baitursynov's innovation as a translator.

The findings of this study can be used in translation studies, poetics, Pushkin studies, and specialized translation courses. Additionally, it offers practical recommendations for modern translators working on translating Pushkin's works into Kazakh.

Keywords: cultural lexicon, cultural information, domestication, foreignization, equivalent translation, translation strategies, original text, translation studies discourse

Мақала түсті: 30 қаңтар 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Адаева Ермек Сабырбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев университетінің аға оқытушысы, e-mail: yermek.adayeva@nu.edu.kz

Дәуренбекова Лаура Ноғайбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, e-mail: daurenbekova.laura@mail.ru

Түсіпова Гүлшат Бақытжанқызы – филология ғылымдарының кандидаты, PhD, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, e-mail: gulshat.bakyt24@gmail.com

Информация об авторах:

Адаева Ермек Сабырбаевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель Назарбаев университета, e-mail: yermek.adayeva@nu.edu.kz

Дәуренбекова Лаура Нугайбековна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института им. А. Кусаинова, e-mail: daurenbekova.laura@mail.ru

Тусупова Гульшат Бакытжановна – кандидат филологических наук, PhD, ученый секретарь национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова, e-mail: gulshat.bakyt24@gmail.com

Information about authors:

Adayeva Yermek Sabyrbayevna – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer at Nazarbayev University, e-mail: yermek.adayeva@nu.edu.kz

Daurenbekova Laura Nugaibekovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Eurasian Humanitarian Institute named after A. Kusainov, e-mail: daurenbekova.laura@mail.ru

Tussupova Gulshat Bakytzhanovna – Candidate of Philological Sciences, PhD, Associate Senior Researcher at the National Scientific and Practical Center “Til-Qazyna” named after Sh.Shayakhmetov, e-mail: gulshat.bakyt24@gmail.com